

## **Ақтөбе облысының Мәртөк ауданының әкімшілік-аумақтық құрылысындағы өзгерістер туралы**

Ақтөбе облысы әкімдігінің 2021 жылғы 9 желтоқсандағы № 399 қаулысы және Ақтөбе облыстық мәслихатының 2021 жылғы 9 желтоқсандағы № 88 шешімі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 14 желтоқсанда № 25783 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңының 11-бабының 2), 3) тармақшаларына сәйкес және Мәртөк ауданының өкілді және атқарушы органдарының пікірін ескере отырып, Ақтөбе облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** және Ақтөбе облыстық мәслихаты **ШЕШТІ**:

1. Мәртөк ауданының Жайсаң ауылдық округі Жаңатаң ауылының бағыныстылығы өзгертіліп, Мәртөк ауданы Мәртөк ауылдық округінің әкімшілік бағыныстылығына берілсін.

2. Мәртөк ауданының Жайсаң ауылдық округінің әкімшілік шекаралары оның әкімшілік шекараларынан жалпы ауданы 2700 гектар Жаңатаң ауылының жерін алып тастау жолымен өзгертіліп, Мәртөк ауданының Жайсаң ауылдық округінің әкімшілік шекаралары жалпы ауданы 53999 гектар болып белгіленсін.

3. Мәртөк ауданының Мәртөк ауылдық округінің әкімшілік шекаралары оның әкімшілік шекараларына жалпы ауданы 2700 гектар Жаңатаң ауылының жерін енгізу жолымен өзгертіліп, Мәртөк ауданының Мәртөк ауылдық округінің әкімшілік шекаралары жалпы ауданы 26495 гектар болып белгіленсін.

4. Осы бірлескен Ақтөбе облысы әкімдігінің қаулысы және Ақтөбе облыстық мәслихатының шешімі олардың алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Ақтөбе облысының әкімі  
Облыстық мәслихаттың хатшысы*

*О. Уразалин  
А. Нугманов*